

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1004 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 ақпандағы № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.02.2015 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау т у р а л ы е р е ж е д е :

7-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"2-1) мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларда:
ветеринариялық емдеу-алдын алу;
ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру және сату;
жемшөптік қоспаларды, оның ішінде жануарларға арналған дәстүрсіз, минералдық-витаминдік азықтарды өндіру және сату;
ветеринариялық мақсаттағы дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, зоогигиеналық заттарды және зооветеринариялық мақсаттағы атрибуттарды сату;

мал шаруашылығы объектілерін дезинфекциялау, дератизациялау және д е з и н с е к ц и я л а у ;

базарларда жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды ветеринариялық-санитарлық сараптау;

зертханалық-диагностика қызметі;

2-2) мемлекеттік монополияға жатқызылған функцияларды:
Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасын;

ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөптік қоспаларды тіркеу сынағынан, байқаудан өткізуді, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды жарнамалау кезінде олардың серияларын (топтарын) бақылауды;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жоюды; мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялауды;

ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтауды жүзеге асыру мақсатында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда;"

8-тармақта "7-тармағының 1), 2)," деген сөздерден кейін "2-1), 2-2)," деген сандармен толықтырылсын;

9-тармақта "тарауының" деген сөз тарауының 3) тармақшасын қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі